

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ОРФОГРАФИЯЛЫҚ ЕМЛЕСІ: ОРФОГРАФИЯЛЫҚ СӨЗДІКТЕРДЕГІ СӨЗДЕРДІҢ СИПАТЫ

Салқынбай Анаркүл Бекмырзақызы¹, Анарбекова Ұлжан Үсенқызы²

¹Филология ғылымдарының докторы, профессор; ²докторант

^{1,2}Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қаласы

¹asalkbek@gmail.com; ²u.anarbekova@mail.ru

Аннотация: Мақалада тіл білімінің бір саласы ретінде қарастырылатын грамматология бағытының негізгі категориясына жататын орфографиялық емле мен орфографиялық сөздіктер туралы сөз болады. Қазіргі қазақ тілінің орфографиялық ережесі мен сол ережеге сай жасалған орфографиялық сөздіктердегі сөздер сипаты талданады. Қазіргі таңда өзекті мәселеге айналған емле ережелерінің даулы бөлімдері талқыланып, тіл заңдылығына сүйене отырып жасалған нұсқаларына дәйекті мысалдар келтіру арқылы дұрыс нұсқасы таңдалады. Қазақ грамматологиясының көрнекті ғалымдарының бірі академик Р. Сыздықтың емлеге қатысты ой-тұжырымдары мақаланың басты ғылыми концепциясы ретінде алынады.

Мақалада 1988, 2007 жылғы шыққан орфографиялық сөздіктерден мысалдар келтіріліп, талданады. Сөздердің жазылу себептері мен үлгісі «Қазақ тілінің анықтағышымен» салыстырылады. Мақала оқырман қауымға емле мәселесі жөнінде ақпарат берумен қоса, қазіргі таңдағы қазақ тілінің орфографиялық сөздіктерінің жай-күйі қандай екенінен хабардар етеді. Қазақ тілінің емле мәселесін, оған негізделген бірізді орфографиялық сөздік құрастыру ісі қазақ тілінің заңдылықтарына, табиғатына сай шешу тіл мамандарының алдында тұрған ауқымды міндет. Қазақ тілінің бүгінгі мен болашағы үшін аса маңызды саналатын бұл мәселелер ешқандай саясат пен ғалымдардың МЕН-інің араласпауынсыз, ғылым алдындағы әділдікпен, тазалықпен өзінің нақты шешімін табуы тиіс екені ұсынылады.

Түйін сөздер: емле, орфографиялық сөздік, тіл заңдылығы, тілді сақтау

Аннотация: В статье рассматриваются орфографическое правописание и орфографические словари, которые относятся к основной категории грамматики, которая рассматривается как раздел лингвистики. Анализируются правила правописания современного казахского языка и характер слов в орфографических словарях, созданных в соответствии с этими правилами. Спорные разделы правил орфографии, которые сегодня становятся актуальными, обсуждаются и поддерживаются последовательными примерами версий, основанных на правилах языка. Научные выводы академика Рабига Сыздык, одна из ведущих исследователей казахской грамматологии, взяты как основные научные концепции.

В статье приведены примеры и анализ орфографических словарей, опубликованных в 1988 и 2007 гг. Используется «Қазақ тілінің анықтағышы» для уточнения причины написания слов взятых в качестве примера. Помимо информирования читателя о проблеме орфографии, статья информирует общественность о текущем состоянии орфографических словарей казахского языка. Решение проблемы правописания казахского языка, разработка единого орфографического словаря на его основе в соответствии с законами и характером казахского языка - масштабная задача, стоящая перед лингвистами. Предполагается, что эти вопросы, которые очень важны для настоящего и будущего казахского языка, должны решаться честно и прозрачно перед наукой.

Ключевые слова: орфография, орфографический словарь, языковые закономерность, сохранение языка

Қазақ тілінің орфографиялық емлесі деп дұрыс жазудың емле ережелерін түсінеміз. Дұрыс жазу тәртібін сақтау – сауаттылықтың басты көрсеткіші. Ал дұрыс жазу тіліміздің заңдылықтарына сай жүргізілуі тиіс. Тіл заңдылығы сақталған ережеге негіздеп жазылған жазу ғана дұрыс деп танылмақ. Қазақ тілінің емле ережелері ресми түрде алғаш 1923, 1924 жылдары қазақ тілінің емле конференцияларында бекітілді. Ал, 1929 жылы 2-4 маусымда Қызылордада болған емле конференциясында латын графикалы әліппенің қабылдануына байланысты, осы әліппеге негізделген емле ережелері бекітілді. Одан кейін 1938 жылы Емле ережелеріне түзетулер мен толықтырулар қайта енгізілді. Ый/ій, ұу/уу қосарлы дыбыстарының орнына и, у дыбыс таңбаларының қолданылатыны да осы ережеде бекітілді. Осы жылғы ереже негізінде 1941 жылы тұңғыш орфографиялық сөздік жасалды. Орфографиялық сөздік тілдегі сөздердің жазылу нормасын көрсететін сөздік [1, 7]. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1957 жылғы 5 июньдегі Указы бойынша Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бекітіліген ережеге сай 1963 жылы орфографиялық сөздік жарыққа шықты. Одан әрі 1972, 1978 жылдары толықтырылған орфографиялық сөздіктер шығып отырды. 1983 жылы 25 тамызда 1957 жылы бекітіліген қазақ тілі орфографиясының ережелеріне негізгі өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, олардың жаңа редакциясы бекітілді. Бүгінгі таңға дейін қолданыста жүрген ережелердің негізі осы ереже.

Қазақ тілі орфографиясының ережелері (1983) 9 бөлімнен тұрады: *әріптер емлесі; түбір сөздердің жазылуы; бөлек жазылатын сөздер; бірге жазылатын сөздер; қос сөздердің жазылуы; қосымшалардың жазылуы; шылау сөздердің жазылуы; бас әріптердің қолданылуы; сөздердің тасымалдануы*. Әр бөлімге жеке тоқталып жатуға да болады, бірақ мақсат ол емес. Мақсат орфографиялық сөздіктердегі сөздерді сипаттап көрсету. Дегенмен де, бұл ережелердің бірінші бөліміне қысқаша тоқталып өтуді жөн көріп отырмыз. Әріптер емлесі деп аталатын алғашқы бөлімі дауысты дыбыс әріптерінің емлесі және дауыссыз дыбыс әріптерінің емлесі деген бөлімдерден тұрады. Алғашқысының төртінші параграфында былай делінген:

4. и әрпі мынадай орындарда жазылады:

а) түбір сөзде де, туынды сөзде де жіңішке естілетін жалаң и дыбысының және жуан естілетін қосарлы ый, ій дыбыстарының таңбасы ретінде и әрпі қолданылады. Мысалы: иіс, иін, ине, имек, илеу, тиын, тиін, қиын, киін, сирек, сирақ, ти, тиімді, тиіс, жиналыс, тарихи, сайаси, йағни, ылғи, қағида, ақиқат, Иса, Иманбай, Әли, Сағира, Қалима, Кәлима, кино, кредит, комиссия, идея, иероглиф [3, 7]; Демек, түбір, туынды сөздердегі қосарлы ый, ій дыбыстарының орнына и қолданылатыны нақты көрсетілген. Ал, осы бөлімнің бесінші параграфында:

5. у әрпі мынадай орындарда жазылады:

а) түбір сөзде де, туынды сөзде де бірде жуан, бірде жіңішке естілетін дауысты у дыбысының, сондай-ақ дауысты дыбыстан бұрын және кейін келетін үнді у дыбысының таңбасы ретінде қолданылады. Мысалы: су, гуіл, у,

жуа, қуат, уыз, қалаулы, селеу, тіреу, түйреуіш, уәде, дәулет, дәуір, шу-шуледі, шулады, гу-гуледі, тулады;

ә) *ы, і* дыбыстарына бітетін етістіктерге тұйық райдың *-у* жұрнағы жалғанғанда *ы, і* дыбыстары түсіріліп жазылады. Мысалы: оқы – оқу, тоқы – тоқу, жібі – жібу, ірі – іру, суы – суу [3, 8];

Бұл жерден *у* әрпі бірде дауысты, бірде дауыссыз екендігін және қимыл есім жұрнағы екендігін нақты көрсетілген.

1924 жылы Орынборда болған білімпаздар съезінде Ақымет Байтұрсынұлы, Елдес Омаров сынды лингвист-ғалымдар **й, у** дыбыстарының, қалай қараса да, дауыссыз дыбыстар екендігін дәйекті мысалдармен дәлелдеген. Сәйкесінше, 1929 жылғы бекітілген әліпби мен ережеде жоғарыда аталған ереже қарастырылмаған болатын. **й** мен **у** дыбыстары дауыссыз дыбыстар қатарында болды. Сол себепті де, **ый, ій, ұу, үу** қосарлы дыбыстары сөздердің жуан-жіңішкелігіне қарай сәйкесінше қолданылып отырған.

давѣсть дѣвѣстар:

	ezyvlik			erindik	
	erkin		қьсаң	erkin	қьсаң
çuvan	a	-	ь	o	u
çinicke	e	ә	i	ө	y

давѣссыз дѣвѣстар:

		суоғыл				ьзың		
ynsiz	qatañ	p	t	k	q	s	c	-
	ujañ	v	d	g	ç	z	ç	h
yndi	ьмьгасьз		m		n		ñ	
	ьмьгаь		v	l		r		j

Кесте -1 1929 жылдың 2-4 маусымда бекітілген қазақ тілінің жаңа емлесінде көрсетілген дауысты және дауыссыз дыбыстар [2, 96].

Мұндағы: *a-a, ә-ә, e-e, ь-ы, i-i, o-o, ө-ө, u-ұ, у-ү* – дауысты дыбыстар, *p-п, в-б, t-т, k-к, g-г, q-қ, ç-ғ, s-с, z-з, c-ш, ç-ж, h-h, m-м, n-н, ñ-ң, v-у, l-л, r-р, j-й* – дауыссыз дыбыстар. Мысалы, *tuvma qazaq* – тұума қазақ, *suvrettemekpin* – сұуреттемекпін, *soluvqa* – шолуға, *tysindiruvge* – түсіндірүүге, *irityv* – ірітүү, *sol ьjaqtъ* – сол сыйақты, *ьqральп tijgizip* – ықпалын тійгізіп, *ьloqьj* – ылғый, [2, 10-12] т.б.

Бұл мысалдар арқылы көрсеткіміз келгені қосарлы дыбыстар бүгінгі күні ғана шығарылған жаңа дүние емес екендігін және оларды қолдану еш қиындық тудырмайтынын көрсету. Аталған қосарлы дыбыстар қазақ тілінің заңдылықтарына толықтай бағынады, тіл табиғатын сақтайды. Сөздерді буынға бөлгенде екінші буында дауысты дыбыстар қатар келіп қалатын жағдай да болмайды. Осы мәселе жөнінде қазақтың академик Р. Сыздық өзінің «Латын жазуы: емле ережелерін түзуде ескеретін жайттар» атты мақаласында былай дейді: «Ендеше, тәуелсіз еліміздің мемлекеттік тілінің емлесін жасауда қазақ тілінің табиғатын, шынайы болмысын танытуымыз керек. Сондықтан жуан болып келген жерде **ый** (мый, мыйық, оқый-ды, тасыйды, сый, сыйлау, сыйады, тый, тыйады, тыйылды), жіңішке бо-лып келген жерде **ій** (жібійді, ерій-ді, кемійді, тійеді, бійлейді) жазуымыз керек. Сол сияқты жуан айтылатын

сөздерде ұу (сұу, сұуық, тұуыс, барұу, жұу, жұуық); жіңішке айтылатын сөздерде үу түрінде (гүү, гүүледі, келүү, жүрүү) таңбаланады» [4, 1].

Аталған мақаласында академик-ғалым емле ережелеріне енгізу қажет өзгерістерді орфографиялық тұрғыдан жақсылап талдап көрсетіп берсе, профессор Әлімхан Жүнісбек фонологиялық жағынан тереңінен талдап, дәлелдеп берді. Сол себепті де ендігі шығатын емле ережесінде осы және өзге де көтеріліп жүрген мәселелер табылған шешімі бойынша түзетіледі деп сенеміз.

Әрмен қарай 1983 жылы бекітілген қазақ тілінің орфографиялық ережелері негізінде басып шығарылған сөздіктер жайлы сөз қозғамақпыз. Оның ішінде сөздердің бірігіп және бөлек жазу мәселесі, сөздердің екінші буынында ә әрпінің келуі, қосымшаларды жалғануы, сөздердің бас әріппен жазылуына қатысты мысалдар келтіріледі.

Қазақ тілінің анықтағышы	1988	2007
Екі (кейде одан да көп) сөз қатар айтылып, бір ғана ұғымды білдіретін, яғни бір ғана затты, құбылысты, қимылды, түр-түсті, санды атайтын күрделі сөздердің әрбір компоненті бөлек жазылады [5, 32]. Медицина, ветеринария салаларына қатысты терминдердің бірқатары екі түбірден жасалып, бірігіп жазылады: шорбуын (артрит), соқырішек, т.б. [5, 38].	ақ пейіл ақ пейілді ақ пейілділік [3, 31]	ақпейіл, ақпейіл жан ақпейілділік [6, 33]
	ақ уыз [3, 33]	ақуыз (белок) ақуызды [6, 34]
	ақ түйіршік (мед.) [3, 33]	ақтүйіршік (мед.), ақтүйіршігі [6, 34]
	ала аяқ мәлін [3, 33]	алааяқ; алаяқ мәлін (зоол.) [6, 35]
	ала ауыз ала ауыздық [3, 33]	алауыз, алауыз болу алауыздық (терм.) алауыздығы [6, 37]
	ата мұра атамекен [3, 46]	атамұра атамекен, атамекенге [6, 52]
	аяқ киім [3, 50]	аяқкиім [6, 59]
	әттегене-ай [3, 54]	әттеген-ай [6, 66]
	бас киім [3, 63]	баскиім [6, 78]
	ер жүрек [3, 113]	ержүрек [6, 148]

Кесте – 2 1988, 2007 жылдардағы сөздіктер мен қазақ тілінің анықтағышындағы сөздердің жазылу сипаты.

Бұл кестеде көрсетілгендей 1988, 2007 жылдардағы сөздіктерде бірнеше сөздер бірігіп немесе бөлек жазылатыны жазар қауымға түсініксіз болары анық. Анықтағышта берілген мәліметке сай бұл сөздер бөлек жазылуы тиіс екен. Дегенмен, медицина саласына қатысты күрделі сөздер бірігіп жазылады екен. Сонда көреріміз, кей сөздердің дұрыс нұсқасы 1988 жылғы сөздікте, ал кейбірі 2007 жылғы сөздікте берілген.

Қазіргі таңда қолданысы жиі сөз тіркестерінің бірі аяқ киім (бас киім, іш киім). Бұл тіркес ережеге сай бөлек жазылатын болса, кейінге орфографиялық сөздікте не себепті бірігіп жазылған деген сұрақ әрбір оқырманды ойландырады хақ.

Қазақ тілінің анықтағышы	1988	2007
Енді бірқатар тұстарда, керісінше, сөздің соңғы буынында жіңішке	дімкәс дімкәстану, дімкәстанбау, дімкәстанған	дімкас дімкастану, дімкастанбау, дімкастанған

дауысты дыбыстың әрпі таңбаланғанмен, қосымшалар жуан жалғанады. Мысалы, кінә, күнә, күмән, Күләш, Іңкәр тәрізді соңғы буындарында ә әрпі жазылған сөздерге қосымша жуан жалғанады: кінәлау (кінәлеу емес), күнәлы (күнәлі емес), күмәндану (күмәндену емес), күнәға (күнәге емес), Күләшқа (Күләшке емес) [5, 11].	дімкәстік, дімкәстігі [3, 133]	дімкастық, дімкастығы [6, 140]
	кінә, кінәға, кінәсы [3, 185]	кінә, кінәға, кінәсі, кінәсіна, кінәсінан, кінәлары [6, 234]
	күнә, күнәға, күнәсы күнәкарлық, күнәкарлығы күнәлау, күнәлы күнәлылық, күнәлылығы күнәсыз күнәсыздық, күнәсыздығы [3, 184]	күнә, күнәға, күнәсі, күнәсіна, күнәлары күнәкар, күнәкарлық, күнәкарлығы күнәлау, күнәлі күнәлілік, күнәлілігі күнәсіз күнәсіздік, күнәсіздігі [6, 231]

Кесте – 3 1988, 2007 жылдардағы сөздіктер мен қазақ тілінің анықтағышындағы сөздердің жазылу сипаты.

Қазақ тілінің анықтағышында көрсетілгендей *күнәлі* емес *күнәлы* болады екен. Демек, 1988 жылғы сөздіктегі нұсқа дұрыс болады. Олай болса, бұл сөз не себепті 2007 жылы өзгеріске түскен нұсқасы берілгені түсініксіз. Сонымен бұл кестедегі сөздердің қосымшалары жуан жалғанады.

Келесі мысалдар, екі сөздікте де бірдей берілген *құдірет* пен *құзырет* сөздері. Бұл сөздерді айтқанда екеуін де құдірет/құзірет деп немесе құдырет/құзырет деп те айта аламыз. Екі сөзді бір-бірінен ажыратып тұрған д/з әріптері ғана. Екеуі де ұяң дыбыстар. Оқырман қауымның бәрін болмаса да, біразын шатастыратын бұл сөздердің не себепті бірі жіңішке, бірі жуан жазылатыны белгісіз. *Мекенжай* сөзін бірге немесе дефис арқылы жазылып жүргенін көп байқаймыз. Бұл сөз екі сөздікте де бірігіп жазылған.

Ендігі мысал 1988 жылға сөздікте *наурыз (ескіше ай аты), наурызы, наурыз көже, наурыз той* [3, 251] деп берілген болса, ал, 2007 жылғы сөздікте *наурыз (ай аты), Наурыз (мейрам), наурыzkөже (этно.), наурызтой* [6, 308] деп көрсетілген. *Аса маңызды тарихи дәуірлердің, революциялардың; уақиғалардың, мерекелердің аттары бас әріппен жазылады* [5, 53]. Наурыз сөзін ай аты әрі мереке атауы ретінде екі бөлек көрсеткені жөн. Бірақ та, наурыз көже, наурыз той сөз тіркестері екі сөздікте екі түрлі беріліп тұр.

Қорыта айтсақ, қазіргі таңдағы қазақ тілінің емле мәселесін, оған негізделген бірізді орфографиялық сөздік құрастыру мәселесін қазақ тілінің заңдылықтарына, табиғатына сай шешу тіл мамандарының алдында тұрған ауқымды тапсырма. Қазақ тілінің бүгінгі мен болашағы үшін аса маңызды болып табылатын бұл мәселелер ешқандай саясат пен ғалымдардың МЕН-інің араласпауынсыз ғылым алдындағы әділдікпен, тазалықпен өзінің нақты шешімін табарына сенеміз.

Әдебиеттер:

1. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы. «Сөздік-Словарь», 2005. – 440 бет.

2. 1929-жылы 2-4 июньде Қызылордада білім кеңесі мен қазақ жаңа әліп кіндік комитеті шақырған емле конференциясының стенографиялық есебі, КАЗИЗДАТ, 1930
3. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі: 49000 сөз. Қазақ ССР Ғылым акад. Тіл білімі институты. – Өнд., толық., 3-бас. Алматы – Қазақстан, 1988. – 400 бет.
4. Р. Сыздық, «Латын жазуы: емле ережелерін түзуде ескеретін жайттар» атты мақала (Қазақ әдебиеті. – 2018. - 14-20 қыргүйек (№ 36).
5. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы (емле, тыныс белгілері, сөз сазы) Алматы, 2016. – 480 б.
6. Орфографиялық сөздік/құраст.: Н. Уәлиұлы, А. Фазылжанова, Қ. Күдеринова, Р. Әнес. – Алматы: Тіл білімі институты, 2007. – 480 бет.